

Мәслихаттың кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылуы туралы

Қостанай облысы Әуликөл ауданы мәслихатының 2010 жылғы 19 сәуірдегі № 185 шешімі

Қазақстан Республикасының "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Заңының 40 бабы 2 тармағы 4) тармақшасының негізінде Әуликөл аудандық мәслихаты **ШЕШТІ:**
Мәслихаттың мына шешімдерінің күші жойылды деп саналсын:

1) 2004 жылғы 25 тамыздағы № 63 "Тұрғын үй көмегінің мөлшері және көрсету тәртібі туралы" шешімінің күші жойылды деп саналсын (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3132 нөмірімен тіркелген, 2004 жылғы 15 қазанда "Әуликөл" газетінде жарияланған), бұрын мәслихаттың "Мәслихаттың 2004 жылғы 25 тамыздағы № 63 "Тұрғын үй көмегінің мөлшері және көрсету тәртібі туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы" 2007 жылғы 19 желтоқсандағы № 18 шешімімен өзгерістер енгізілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9-7-64 нөмірімен 2008 жылғы 11 қаңтарда тіркелген, 2008 жылғы 17 қаңтарда " Әуликөл" газетінің № 3 жарияланған);

2) 2009 жылғы 20 наурыздағы № 100 "Қызметін Әуликөл ауданының аумағында жүзеге асыратын салық төлеушілер үшін бірыңғай тіркелген салық ставкаларды туралы " (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9-7-95 нөмірімен тіркелген, аудандық "Әуликөл" газетінің 2009 жылғы 9 сәуірдегі санында жарияланған).

*Аудандық мәслихаттың он
екінші сессиясының төрайымы*

Л. Войлошникова

*Аудандық
мәслихаттың хатшысы*

А. Бондаренко